

Екінші деңгейдегі банктердің кастодиандық қызметіне келісім беруі туралы және олардың мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың жарғылық қорына қатысуы туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 29 тамыздағы N 318. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 370. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 392 қаулысына Қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі*

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кастодиандық қызметіне келісім беруі туралы және олардың мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың жарғылық қорына қатысуы туралы" 1997 жылғы 29 тамыздағы N 318 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 370 тіркелген,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған, 1997 жыл, N 36...

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Заң күші бар Жарлығының, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Z970136_ Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарына сәйкес жасалды және екінші деңгейдегі банктердің кастодиандық қызметіне келісім беру және олардың мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық қорына және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға қатысу шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мұндай қатысу туралы хабар беру тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Банк Ұлттық Банктің келісімімен Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) берген тиісті лицензиясы болған жағдайда кастодиандық қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ осы Ережеде көзделген талаптарды ескере отырып мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - зейнетақы қорлары) және зейнетақы қорларын басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі - компания) акцияларын сатып алуға құқылы.

2. Осы Ережеде 1997 жылғы 5 наурыздағы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және 1997 жылғы 20 маусымдағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген түсініктер қолданылады.

3. Банк ашық зейнетақы қорын құру кезеңінде 25%-тен аспайтын зейнетақы қорына дауыс беру құқығына ие бола отырып, осындай көлемдегі акцияны тікелей немесе жанама иеленуге, өкім жүргізуге және/немесе басқаруға құқы жоқ.

Өкілетті органдар рұқсат берген жағдайларды ескермегенде, банк ашық зейнетақы қорын құру кезеңінде 25%-тен аспайтын зейнетақы қорына дауыс беру құқығына ие бола отырып, осындай көлемдегі акцияны тікелей немесе жанама иеленуге, өкім жүргізуге және/немесе басқаруға құқы жоқ.

Мұндай шектеулер корпоративтік зейнетақы қорына қолданылмайды.

4. Зейнетақы қорының немесе компанияның акцияларын тікелей немесе жанама иеленуге, өкім жүргізуге және немесе басқаруға Ұлттық Банк Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулы) Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы Ережеге (

бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес бірінші топқа қосылған банктер ғана құқылы.

Мемлекеттік банктер өкілетті органдар рұқсат берген жағдайларды ескермегенде, зейнетақы қорларының құрылтайшылары және акционерлері бола
а л м а й д ы .

5. Егер банк ашық зейнетақы қорына дауыс беру құқығына ие бола отырып, 25%-тен аспайтын акцияны тікелей немесе жанама иеленетін, өкім жүргізетін және/немесе басқаратын болса, онда ол мұндай зейнетақы қорының аффилиирленген тұлғасы болып саналмайды.

6. Егер банк өз қызметін көрсетілген компания арқылы жүзеге асыратын зейнетақы қорының банк-кастодианы болса, оның компания акцияларын сатып
а л у ы н а қ ұ қ ы ж о қ .

7. Банктің жарғы капиталына қатысуы банктің өз капиталының 10%-інен аспаған жағдайда, зейнетақы қорының акцияларын сатып алуға құқылы.

8. Банктің зейнетақы қорларының жарғы капиталына және/немесе компанияларға қатысуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген "Пруденциялдық нормативтер туралы Ереженің" талаптарына сәйкес пруденциялдық нормативтерді есептей отырып өз капиталынан шегеріледі.

2. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру және жарғы капиталына қатысу туралы хабарлау тәртібі

9. Кастодиандық қызметті өз капиталы 1 млрд. теңгеден кем емес банк және банк операцияларының мынадай түрлерін жүзеге асыруға Ұлттық Банктің лицензиясы бар банк қана жүзеге асыруға құқылы:

а) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауға;

б) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға;

в) аударым операциялары: ақша аудару бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырмасын орындауға;

г) жеке және заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша, оның ішінде корреспондент-банктердің банктік шоттары бойынша есеп айырысуды жүзеге
а с ы р у ғ а ;

д) сейфтік операциялар: клиенттердің бағалы қағаздарды, құжаттарды және құндылықтарды сақтауы, оған қоса оларға сейф жәшіктерін, шкафтарды және үйлерді жалға беру бойынша қызмет көрсетуге құқылы.

Банк филиалының осы Ереженің 10-тармағының шарттарын сақтамай кастодиандық қызметті жүзеге асыруына болмайды.

10. Ұлттық Банк кастодиандық қызметті жүзеге асыру келісімін тең мынадай
б а н к к е б е р у і м ү м к і н :

а) Бағдарламаның бірінші тобына енгізілген және Қазақстан Республикасының аумағында бір жыл бойы немесе бір жылдан астам банк

операцияларын жүзеге асырған банктерге, мынадай жағдайда:

- қолданылып жүрген заңдардың нормаларын және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін сақтағанда;

- келісім беру туралы өтініш берілгенге дейін үш ай бойы Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және/немесе сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді орындағанда;

б) клиринг (есеп айырысу) және аударым операциялары бойынша шарт міндеттемелерін тиісінше орындамағаны жөнінде өз клиенттерінің шағымы болмағанда;

в) Ұлттық Банк берген орталықтандырылған кредит бойынша мерзімі өткен қарызы болмағанда;

г) өз штатында (мұндай құқық берілген өз филиалдарында) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы біліктілік куәлігі бар кем дегенде үш маман болғанда.

11. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім алу үшін банк Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды береді:

а) кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім алуға өтініш;

б) кастодиандық қызметті толық сипаттау, оған қоса:

- банктің атауы мен тұрған жері, оның ұйымдастыру-құқықтық түрі, мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы мәліметтер;
- жарғылық қордың жарияланған және төленген көлемі және оның құрылымы;

- бағалы қағаздар рыногындағы кастодиандық қызметті жүзеге асыру тәртібі;

- кастодиандық қызметті жүзеге асыруда жүргізілетін ішкі банктік бақылауды ұйымдастыру;

в) кастодиандық қызметті жүзеге асыру үшін тағайындалуы мүмкін мамандардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу бойынша қызметті жүзеге асыруға құқық беретін біліктілік куәлігінің көшірмесі;

г) кастодиандық қызметті жүзеге асыру құқығы берілген филиалдардың тізімі.

12. Ұлттық Банк банкке мынадай негіздер бойынша келісім беруден бастауға құқылы:

- банк қолданылып жүрген заң нормаларын және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін сақтамаса;

- банк Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бұзса;

- банкте есеп айырысу және аударым операциялары бойынша банктің шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны жөнінде өз клиенттерінің

ш а ғ ы м д а р ы

б о л с а ;

- банктің Ұлттық Банк берген орталықтандырылған кредиттері бойынша шығындары және/немесе мерзімі өткен қарыздары болса;

- банктің штатында (мұндай құқық берілген филиалдарында) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу бойынша қызметті жүзеге асыруға құқық беретін біліктілік куәлігі бар үшеуден кем емес мамандары болмаса;

- кастодиандық қызмет банктің қаржы жағдайының нашарлауына әкеп соқса;

13. Ұлттық Банктің келісімін алған банк тиісті лицензия беру туралы Ұлттық комиссияға өтініш беруге міндетті.

Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген келісімнің күші Ұлттық Банк мұндай қызметке келісім берген сәттен бастап үш айлық мерзіммен шектеледі. Банк көрсетілген мерзімде тиісті лицензияны алмаған жағдайда алынған келісім заңды күшін жоғалтады.

14. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі банк клиенттері көретін жерге орналастырылуы және ол алынған сәттен бастап 5 күн ішінде Ұлттық Банкке берілуі тиіс.

15. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген келісімді Ұлттық Банк мынадай негіздер бойынша қайтып алуы мүмкін:

- банктің өз капиталының кем дегенде 1 млрд. теңгеге дейін кемуі;

- берілген негіздерге сүйене отырып, анық емес мәліметтердің табылуы;

- банктің кастодиандық қызметті реттейтін заңдарды бұзуы;

- банктің Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және/немесе басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бұзуы;

- 9-тармақта көрсетілген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны тоқтату немесе жою;

- банкте кастодиандық қызметпен байланысты операциялар бойынша шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны жөнінде өз клиенттерінің шағымдарының болуы;

Келісімді қайтарып алу туралы жазбаша хабарландыру 7 күн ішінде Ұлттық комиссияға жіберілуі тиіс.

16. Зейнетақы қорының және/немесе компанияның акцияларын сатып алған банк акцияларды сатып алғаннан кейін үш күн ішінде Ұлттық Банкке тиісті жазбаша хабарландыру беруге тиіс.

17. Жазбаша хабарландыру міндетті түрде мынадай мазмұнда болуы тиіс:

- банк акцияларын сатып алған зейнетақы қорының (компанияның) атауы және түрі;

- зейнетақы қорының (компанияның) банк сатып алған жарғылық

капиталының

үлесі;

- зейнетақы қорының (компанияның) жарғылық капиталына банктің қатысу сомасы.

3. Қорытынды ережелер

18. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның іс-әрекет ету мерзімі, шарттары мен берілу тәртібі, сондай-ақ тоқтатылуы және күшінің жойылуы Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

19. Ұлттық Банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруға берілген келісімді және банктердің зейнетақы қорларының (компаниялардың) капиталына қатысуы жөніндегі жазбаша хабарландыруларды тіркеуді жүргізіп отырады.

20. Осы Ереженің шарттары бұзылған жағдайда Ұлттық Банк банкке қолданылып жүрген заңдарда көзделген ықпал ету шараларын және/немесе санкцияларды қолдануға құқылы.

21. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға